

ОӘЖ 821.512.122

**ДИДАР АМАНТАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МОДЕРНИЗМНІҢ КӨРІНІСІ****Хамитова Аягөз Нурболатқызы**

2 курс магистранты, көптілді білім беру факультеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан

*Бұл мақалада қалың оқырманды өзінің ерекше туындыларымен баурап жүрген көпке белгілі жазушы Дидар Амантайдың қазіргі қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан модернизм бағытындағы шығармаларына тоқталып, сөз етіледі.*

**Кілт сөздер:** модернизм, роман, жазушы, посмодернист, гүл, өмір мен өлім.

Әдебиетті, соның ішінде қазақ әдебиетін сөз еткен тұста бүгінгі әдебиет көрінісін, оның даму үдерісін, шығармашылықпен айналысатын қауымның жаңашыл ізденісі мен бүгінгі әдебиеттің формасына жасақталып келген шығармалардың көркемдік таным деңгейін, образдық ерекшеліктерін оқырман ретінде де, автор ретінде де нақтылап көрсету керек. Әдебиетті дәуірге бөліп қарастырған тұста, тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ әдебиеті жаңашылдыққа толы. Сол жаңашылдықтың детальдары бүгінгі кезеңдегі жазушыларымыздың шығармаларында молынан кездеседі.

Д.Амантай – қазіргі қазақ әдебиетінде «нағыз» модернист, әрі постмодернист ретінде бағаланып, шығармалары әдеби сынды «шулатып жүрген» жазушыларымыздың бірі. Қазіргі таңда Д.Амантайдың туындыларына екі түрлі, бір-біріне қайшы келетін көзқарас қалыптасқан: бір топ – оның тілі қасаң, шығармаларының көркемдігі төмен, мағынасы ауыр, кірме эпизодтар мол, түсіну қиын деп жатса, екінші топ – туындылары астарлы, алыстан орағытады, философиясы терең, көп қабатты деп мақтап жатады.

Қазіргі әдебиеттегі автордың, жазушының орны туралы өз көзқарастары Д.Амантайдың бірқатар эсселерінде көрініс берген. «Әдебиеттің ролі» эссесінде «жоғарғы мәдениетті транзитті экономиканың құрбандығы» [1, 20] деп бағалай отырып, мәдениетке қамқорлыққа алып, кітап бастыру дәстүрлерін сақтап қалуға шақырады. Зерттеуші Л.Сафронова: «жазушы модернистік идеологияны ағартушы, суреткер-реалист, сонымен қатар суреткер-романтик позицияларымен қатар ұстанады» [2, 89] – дейді. Д.Амантайдың шағын ғана «Гүлдер мен кітаптар» романы әдеби сында үлкен қарама-қайшылықты пікірлер тудырды. Д.Исабеков оны «роман емес» деп бағалады. Г.Бельгер

романды, тұтастай алғанда, «астар мен толғаныс, үзілген сөз, мозаикалық баяндауға, бірбірімен қиысуы қиын әркелкі эпизодтарға» құрылғанын айтады [3]. Әрине, бұл бір жағынан шығармаға құрылымдық өзгерістер енгізуге ұмтылатын жазушы жаңашылдығымен, ізденістерімен де ұштасып жатыр.

Ә.Бөпежанова Дидар Амантай шығармашылығының «көзге ұрмайтын пәлсапалық құрылымымен» қабаттастық сипатымен ерекшеленетініне назар аударады және жазушы туындыларына тән осындай қасиеттердің көркем көріністері – жазушының жаңа заман талабына сай «Мен Сізді сағынып жүрмін» атты повесі мен «Гүлдер мен кітаптар» романында айқынырақ танылғанын жазады. «Гүлдер мен кітаптар» романын көлемі шағын, бірақ «конструкциясы өте дамыған – бірнеше идеяны қат-қабат алып жүретін шығарма» ретінде бағалайды. [4, 12].

Роман сюжетіне келер болсақ, бас қаһарман – Әлішер есімді жазушы жігіт үлкен кітап жазу мақсатын алға қояды. Шығармада қатар жатқан қос әлем бар – әлішерге қатыстын оқиғалары мен ықылым замандардағы түркілердің көне тарихын қозғайтын өткен күн оқиғалары кезектесе дамиды, яғни сақ өркениеттері мен бүгінгі мегаполис болмысы иық түйіскен. Романның алғашқы «әлішер» тарауы бүгінгі күні, яғни жиырма бірінші ғасырда әлішердің ойындағы кітабын жазып бітіруге бар жанымен құлшына кіріскен қаракетінен басталады. Қаһарман түс көреді: «Жорғалап келе жатып ол жердің иісін таныды, кітап иісі шығады. Кәдімгі шаң-топырақ басқан сарыала қағаздың таңсық иісі тап иегінің астынан аңқып тұр...» [4, 3]. Тәңіріні іздеп жүрген Әлішердің бүкіл ойы – қалайда өз бетінше жол салған, өзгеше өлшемді «Тәңірі кітабын» жазып бітіру. Сол кітапты жазу барысында қаһарманның күдік пен күмәнға толы сергелдең күй кешуі, өмірде жолы болмай, жалғызсыраған, көңілі толмаған, тіпті түңілетін күнделікті өмірі, таныс және бейтаныс адамдармен кездесуі, әңгімелесуі бүгінгі әлем бейнесімен байланысты. Екінші әлем қаһарманның кітабында көрініс табатын, оны санасында бейнеленіп жатқан көне түркілердің тарихын, аңызды қозғайды. Жазушы жігіттің рухани ізденістері, өмірлік мұраты – өзінің түп негізін табуға бағытталған. Ол өз кітабында көне түркілердің сонау ерте замандардан бастап осы кезеңге дейінгі жалғастығын, үзіліссіз тарихын сомдауға бар күш-жігерін жұмсайды. Романның екінші желісі де жазушының осы ұмтылысы жүзеге асқан тарихи аңыз сілемдерімен байланысты дамиды. «Мұса», «Ғайса», «Мұхаммед», «Заратуштра», т.б. тарауларында қазақ даласына келіп орныққан діндердің тарихына шолу жасайды, түркілер арасындағы алғаш пайда болған кінә, өлім, т.б. рухани категорияларға негізделген аңыздарға иек артады.

Д.Амантай романын зерттеушілер модернистік және постмодернистік эстетикамен ұштастырады. Ғалым Б.Майтанов: «Автор баяндау барысын күлт үзіп, кенет күтпеген философиялық пайымдау сарынына түсе салады да, одан тағы оп-оңай шығып кетеді, әдеттегі өмір көріністерін үзілмелі кескінде

бейнелеуге көшеді... Д.Амантай шығармаларында аллюзия, интертекст, реминисценция және «сана ағымының» автор еркіндігімен сабақтас түрі елеулі философиялық, тұрмыстық, эзотериялық мәселелерді постмодернистік поэтика ауқымында қарастыруда зор стиль түзушілік роль атқарады» - дейді [5, 64-65].

Жазушы шығармалары түрлі туындылардан алынған фрагменттерден құрастырылғандай әсер қалдырады. Шығармалары көбінесе көлемі шағын болып келеді. Дәстүрлі мағынадағы сюжет үлгісі кездеспейді. Алайда осы шығармада модернизммен трансформацияға түскен романтикалық таным іздері де байқалады. Бұл тұрғыда қаһарман дүниені, әлем бейнесін руханиятпен байланыстырады. Ол қазіргі қоғамда кітаптың қадірі болмай, кітаптың күні өткеніне қынжылады. Кезінде кітапқа бас иген, кітапты қадірлеген адамдар оған «сатқындық» жасады. Кітаптың бүгінгі қоғамда аяқ асты болуы әлішердің жеке өміріндегі трагедияға айналады. Постмодернизм эстетикасы ұстаздық тағылымдардан, идеалдардан бас тартса, қаһарман үшін идеал - кітаптар мен гүлдер. Романтизм эстетикасында гүлдер қашанда сұлулықтың, сезім тазылығының символына айналады. Гүлдер әлішер үшін сұлулық символы, ал кітаптар - өнер символы. Оның шығарма тақырыбына арқау болып отырғаны да осы себептен. Қаһарман бүкіл әлемде өзін жалғыз сезінгенде, өмірден баз кешкенде, оның басты серігі, көңіліне медет тұстары – кітаптары мен гүлдері. «Жаратылыстың барлық түрі кітапқа ену үшін жаратылған, депті әсемдікке ғашық Малларме. Кез келген кітаптың асқақ мұраты елге танылу болса, онда қалам жазған ойдың алдымызға сырғытып отырған тұжырымында адал ниет жоқ» [6,41], «Асқақ кітап, ең алдымен, кісіліктің белгісі». Авторланған әлішердің «Гүлдер» тарауындағы гүл туралы толғаныстарында да романтикалық элементтер ұшырайды: «Ол гүл туралы толғанды. Көздің жасы тәрізді домалап асқар биіктен күннің дәмі шәрбәт нұры тамады, тамған нұрдан жаралып, періштеге айналған жарықтың бұла еркесі дүниеге құшағын ашып, ұяң жүзбен иіле қарайды. Төңірек жез қанат қырғауылдың әдемі күлкісінен ертегінің еліндей шексіз құлпырады. Ескі заманда шайыр қызды сұлуын гүлге теңеді. Қазір ол ізгіліктің бейнесіне айналып отыр. Қасірет шегіп, бейнет көргенде, шындықты танып, бақыт кешкенде, сіздің іргеңізден ұдайы гүл табылады. Қайғыңызға ортақтасады, қуанышыңызды бөліседі, жалғыздықта серік болады... Шөл далама, таулы қырат па, құнарлы өлке ме, перизат гүл аспанға қарап алақанын жаяды. Сонау жоғарыдан құлдилап құлаған бір күндік сәуле молынан төгіліп, үлбіреген қауыздың ішіне толады. үстірттен тапқан шақпақ алтын құсап, жарқырап келіп шашақ себетіне көлденең шағылып, айналасына бұрқырап шашырады өңі қашқан реңсіз топырағына киелі шапағаты тиеді» [6, 52] деген толғаныстың романтикалық бояулары жоқ деп көріңіз. «Гүл, бірінші кезекте, әуен. өз орнын тапқан әсемпаз паң асқабы гүл күннің нұры құйылған нәс бөлмеде ғажайып үндестікті туғызады. Қас әдеміліктің өлшемі гүл» «Гүл – азаттық пен жалғыздықтың жалауы. Азаттықты

іздеген жалғыздықтан жеңіледі. Гүлде сол бір жасырын мұң бар, сол бір жасырын мұң гүлге талмай қадалып ұзақ қараған соң, сізге көшеді, кейін қанша қуансаңыз да, сізден шыққан күлкі тереңдігі күрсінесті жасыра алмай, бетіңізде жүгірген ізінің әйтеуір бір жерінен алаң көңілді белгісін беріп тұрады». «Кітап ой ретінде жалғыздықтың аясындадүниеге келетін жұмбақ құбылыс, ал, гүлді серік іздеген жаны нәзік адам өсіреді. «Гүл – сезімді ой тудырады, кітап – ойдың сезімін дамытады». Әлішердің кітаптар мен гүлдер туралы ой-пікірлерінде авторлық идеялар бас көрсетеді. Жалпы «Гүлдер» тарауы көлемі жағынан шағын болғанымен, мұнда романтикалық көңіл-күй ұшқыны да, эссеистикалық, публицистикалық толғамдар, гүлді күтуге байланысты натуралистік ақыл-кеңестер де араласып кеткен. Автор гүлге тыңайтқыш ретінде калий тұзын, суперфосфатты пайдалану қажеттігін, оны қандай мөлшерде қанша сумен дайындауға болатынын ежіктеп айтып келеді де: «Нәзира гүлдің мамыражай бейқам қорғансыздығы сергек ұйықтаған жалғыз көзді жалмауызды оятады» [7, 52] деп романтикалық әуенге қайта оралады. Сонымен қатар «Кітаптар» тарауында автор әлем әдебиетінде танымал жүз шақты кітаптардың тізімін санамалайды. «Қаламгер» тарауында да жазушыларды атап шығады. «Гүлдер» тарауында да бізге таныс және таныс емес сал алуан гүлдердің түгелдей аттарын атап шығады. Шығарманың екінші бөлімінде түркілердің ежелгі тарихы, олардың пайда болуы туралы жиырма бес жыр кірістірілген. Бір жыр – ойлары үтірлермен бөлінген бір сөйлемнен тұрады» дейді автор. Әрине, бұны постмодернистік танымнан тамыр тартқан автордың рухани тәжірибесі деп бағалауға болады. Жалпы жазушы дәстүрлі стильден кейде саналы түрде бас тартып, әдеби эксперименттерге барады.

Романның қаһарманы Әлішер бір жағынан әлеммен үйлесім іздейді, екінші жағынан ол «постмодернистік» дәуірдегі адамның рухани құлдырауына, азғындауына алаңдайды. Содан келіп қаһарманның жалғызсырауы туады. Зерттеуші Ә.Бөпежанова Әлішердің мінез ерекшелігі турасында: «Ол – адам санасының тұтастығы жойылған, «әлемнің кіндігі – адам» қағидасы белгілі бір деңгейде мағынасынан айырыла бастаған, бұқаралық мәдениеттің «жеңіп», адамның, қоғамның өмірсалты, тіпті дүниетанымы озық технологиялар аясында қалыптасып отырған кезеңнің кейіпкері деуге болады; белгілі философ-мәдениеттанушы А.Наурызбаева «постгуманистік кезең» деп анықтама беретін кезеңнің кейіпкері; алайда рухани болмысы мықты, бойына өз заманының да рухани-мәдени мұрат-идеалдарын жинақтаған кейіпкер» деп сипаттама береді. «Романда жасампаздық рух, жанды әлдилер әдемі бір мұң бар» деуі зерттеушінің шығарманың романтикалық табиғатын танудан туған байламы де қабылдауға болады. Қарап отырсақ, әлішердің бойынан жазушының жеке тұлғасы бой көрсетеді. Автордың демі, тынысы, көзқарасы айқын сезіледі.

Д.Амантай қоғам мен жеке тұлғаның тұрмысында модернизм мен постмодернизм құбылысының тереңдеп енуінің салдары туралы «Таңбалардың

ойыны» мақаласында: «Қазір өзін фәлсафашы, ойшыл, жай ғана адам санаған тұрғыға постмодернистік нигилизм сырқатына ем іздеудің үстінде. Оны табамыз ба, жоқ па, белгісіз. Бірақ ізденістің нәтижесі қайткен күнде де адамзаттың тағдырына тікелей әсер ететіні сөзсіз» дейді. Д.Амантай шығармада мәні мәңгілік мәселелерді сауалдар формасына көмкеріп, оған жауап іздей шарқ ұрады, қаһарманымен бірге сергелдеңге түседі. Сонымен бірге өзінің рухани ізденістері мен философиялық толғамдарына оқырмандарын да тартып, ортақтастырады. Осы жағынан романтикалық бейнелеу тәсілінің ұшқындары аңғарылады.

Келесі бір постмодернистік шығармасы – "Шайтан мен шайыр" деп аталады. Өмір мен өлім, сұлулықтың сәні сынды тақырыптар қозғалатын әңгіме. Бұл жердегі жұмбақ адамзаттың жаны мен болмысы жайлы. Бас кейіпкерлер – Данияр мен Ләйлә. Әдемілікті бойына сіңдіріп, таза дүниенің бейнесі ретінде көрінетін – Ләйлә, бірақ жақсы кейіпкерге, жаман кейіпкердің болуы ол шарт, бұл жерде ол – Арнұр. Сонымен қатар, Рауан және Ғабиден атты кейіпкерлер бар. Роман Ыстықкөл ортасында өрбиді. Жаны таза Ләйләға кейіпкер атаулының барлығы ғашық және ол үшін бәріне дайын. Романның басты көтерілетін мәселесі – махаббат. Әрине, бұл тақырып қызықсыз, оқырмансыз қалмайтыны сөзсіз. Романда жастардың болашақ өмірінде болып жатқан жаңалықтары, өзгерістері туралы қозғалатын роман дер едім. Мысалы: «Мен ешкімді бұлей ұнатпап едім... - Өткінші сезім... - Мүмкін ертең жылағаным: шығармын... - Махаббат басты нәрсе емес... - Әсел кімнің қойнына жатқан кінә тақпаймын... - Кейде ешкім кінәлі емес сықылды...Иә... - Біздің тұрақты әйелге тоқтамайтынымызға заман кінәлі... - Еркектер үйленгісі келмейді... - Қыздар күйеуге шыққысы келеді, бірақ әуелі қыдырып алсақ дейді... - Мұны біз кешіре алмаймыз» - дей келе қаламгер қазіргі жастарды шынында "жас" көзқараспен көріп, жастардың жайын ашып бергендей Қаладағы қым-қуат өмір, жастардың арман, мақсатсыз өмірін ерекше суреттей білу Дидар Амантайдың қолынан жақсы келген. Көп әдебиеттанушылар авторға "қала жазушысы" деген атау беріп даралатқан. Әрине, шығармалардан түнгі клуб, кафе, мейрамхана секілді тақырыптарды көтеру тың дүние деп санаймын.

Таласбек Әсемкулов «Қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары» атты мақаласында «Дидар Амантай бүгінде аты ауызға ілініп, әсіресе аға буын қаламгерлер үшін «проблема» тудырып жүрген жазушы. Осы жерде бір айта кететін нәрсе бар. Әлемнің кез кел әдебиетінде экспериментке жол беріледі. Шынына келетін болса, Дидарда классикалық стильге ешқашан қарсылық болған емес. Ол өз шығармашылығының таза эксперимент екенін мойындайды, және айтып отырады... Эксперименттің де көркемдік презумпциясы бар екенін мойындауымыз керек», - дей келе мынадай өте орынды пікір білдіреді: «Қазақ әдебиетіндегі консерваторлардың көңіліне келсе де айтайын, біздің тіліміз

ескірген. Мен бұл жерде біздің күнделікті керегімізде жүрген сөйлеу тілін, қазақтың байырғы дархан тілін айтып отырған жоқпын. Ол тіл ешқашап ескірмейді. Жасырын, жаңғырып тұра береді. Мен қазақ өнерінің бейнелеу тілінің ескіргендігін айтып отырмын. Және бұл жалғыз Дидар Амантайдың немесе менің ғана пікірім емес. Қазақтың алдыңғы қатарлы қаламгерлерінің көбі мұны сезеді, өзара етене әңгіме үстінде айтып та қалады. Алайда, қазақ жазушыларының арасында әлдебір үнсіз келісім бар сияқты. Ешкім де бейнелеу тілдің ескіргенін ашық айтпайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 148 б.
2. Ишанова А. Типология литературной игры. От барокко до постмодернизма. – Астана: Изд. Евразийского нац. унив-та им. Л. Гумилева, 2005. – 170 с.
3. Сүлейменов А. Бесін. (Хикаялар). – Алматы: Жазушы, 1970. – 152 б.
4. Современное зарубежное литературоведение (страны Западной Европы и США): концепции, школы, термины. Энциклопедический справочник. – Москва: Интрада – ИНИОН, 1999. – 319 с.
5. Аймұхамбетова Ж. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі. Филология ғыл. канд-ы ғылыми дәр. алу үшін дайынд. дисс-я. Астана, 1999. – 126 б.
6. Ғалиева А. Қазіргі қазақ романы құрылымындағы мифопоэтикалық пішіндер. Филология ғыл. канд-ы ғылыми дәр. алу үшін дайынд. диссертацияның авторефераты. Алматы, 2006. – 26 б.
7. Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в казахской литературе. Типология. Эстетика. Генезис. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 520 с.

## **ОТРАЖЕНИЕ МОДЕРНИЗМА В ТРУДАХ ДИДАРА АМАНТАЯ**

***Хамитова Аягөз Нурболатқызы***

*Магистрант 2 курса, факультет полиязычного образования, Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан, [ayagoz\\_00@mail.ru](mailto:ayagoz_00@mail.ru)*

В этой статье рассказывается о произведениях известного писателя Дидара Амантая, внесшего значительный вклад в развитие современной казахской литературы.

**Ключевые слова:** модернизм, роман, писатель, посмодернист, цветок, жизнь и смерть.

## REFLECTION OF MODERNISM IN THE WORKS OF DIDAR AMANTAI

*Khamitova Ayagoz Nurbolatkyzy*

This article will focus on the works of the well-known writer Didar Amantay, who attracted a wide range of readers with his unique works in the direction of modernism, which contributed to the development of modern Kazakh literature.

**Keywords:** modernism, novel, writer, posmodernist, flower, life and death.

### References

1. Maytanov B. Kazakh prozasyndagy zamandas beynesi. – Almaty: Gylym, 1982. – 148 p. [in Kazakh]
2. Ishanova A. Typology of literary games. From Baroque to Postmodernism. – Astana: Publishing house. Eurasian national University named after L. Gumileva, 2005. – 170 p. [in Russian]
3. Suleimenov A. Besin. (Hikayalar). – Almaty: Zhazushy, 1970. – 152 b. [in Kazakh]
4. Modern foreign literary criticism (Western European countries and the USA): concepts, schools, terms. Encyclopedic reference book. – Moscow: Intrada – INION, 1999. – 319 p. [in Russian]
5. Aimukhambetova Zh. Oralkhan Bokey prozasyndagy mythology masselesi. Dissertation for the academic degree of Candidate of Philological Sciences. Astana, 1999. – 126 p. [in Kazakh]
6. Galieva A. Kazirgi kazakh novels kurylymyndagy mythopoetical writing. Abstract of dissertation for the academic degree of Candidate of Philological Sciences. Almaty, 2006. – 26 p. [in Kazakh]
7. Zhaksylykov A. Images, motives and ideas with religious content in Kazakh literature. Typology. Aesthetics. Genesis. – Almaty: Kazakh University, 1999. – 520 p. [in Kazakh]